



ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ  
ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК  
БІЛІМ БЕРУ ДИРЕКТОРИЯСЫ**

ҚЫЗДАР  
УНИВЕРСИТЕТІ

Алматы 2019

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУЛЕР  
ИНСТИТУТЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ  
ГЕНДЕРЛІК БІЛІМ ДИРЕКТОРИЯСЫ**

Алматы 2019 ж.

Бұл директория республика көлеміндегі жоғары оқу орындарының гендерлік білім беру бағытына арналған элективті курс туралы ақпарат алып, 2018-2019 оқу жылындағы гендерлік білім беру мүмкіндіктерін нақтылауға, мәліметтер жинақтап, статистикалық, сапалық талдау жасауға арналған.

**Жоба жетекшілері:**

**М.М. Дабылгасва** – Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер институтының аға ғылыми қызметкері, әлеуметтік ғылымдар магистрі

**Ж.С. Тлеуқенова** – Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер институтының аға ғылыми қызметкері, психология ғылымдарының магистрі

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда жаһандану үдерісі әйелдер мен ер адамдардың қарым-қатынасындағы ерекшеліктермен қатар олардың, дүниені қабылдаудағы мәдени тәжірибелерінің өзгешеліктерін зерттеуді қажет етеді. Әрбір азаматтың өзін-өзі тану аумағының кеңеюі, адам құқықтары мен еркіндіктерін сақтауды және кемсітушіліктің барлық түрлерін жоюды көздеуі, гендерлік қатынастардың жаңа парадигмасының пайда болуы, әйел мен еркектердің тең мүмкіншіліктерін туғызу-жаңа демократиялық Қазақстанның қалыптасуының жарқын көрінісі. Осыған орай, гендерлік теңдік идеологиясы, гендерлік сана мен гендерлік қатынастардың жаңа үлгісін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Айталық, гендерлік индикаторлар әлеуметтік бағдарламаларға енгізіліп, ал гендерлік саясат мемлекеттік саясаттың негізгі бір бөліміне айналғаны белгілі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 жылға дейінгі Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы, Гендерлік саясат саласындағы жетістіктер және өзекті мәселелер бөлімінде *«Қазіргі таңда 38 жоғары оқу орнында "Білім беру", "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар, бизнес және экономика" салаларында гендерлік теңдік мәселелері қаралатын 60 элективтік курс әзірленіп, енгізілді» делінген.*

Республикада гендерлік білім беру курсы алғаш рет 1999 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университетінде «Гендер теориясы» тақырыбында жүргізілді. 2019 жыл Қазақстан Республикасындағы гендерлік білім беруге мәслесіне бағытталған білім беру бағдарламаларының жүргізілуіне 20 жыл толып отыр.

Осы мақсатта Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің жанындағы «Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер» институты «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында гендерлік сауаттылықты арттыру бойынша жүргізілетін курстар директориясын» даярлауды жоспарлап, ақпан айының 1-10 аралығында республика көлемінде ЖОО басшыларына хат жіберілді.

Зерттеу жұмысы көрсеткендей, жоспар бойынша 92 ЖОО хат жіберіліп, оның ішінде 68 оқу орнымен байланыс жасалынып, 51 жоғары оқу орнынан жауап алынды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
«ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ»  
ШАРАУШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ  
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ  
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ  
«КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ»  
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И  
НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050000, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 99  
Тел.: 233-18-36, Факс: 233-18-35  
E-mail: qazmqpu@gmail.com

050000, город Алматы, ул. Айтеке би, 99  
Тел.: 233-18-36, Факс: 233-18-35  
E-mail: qazmqpu@gmail.com

08-162 № 166  
05.02.19

## Жоғары оқу орындарының ректорларына

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы тармақ 1.2. Гендерлік саясат саласындағы жетістіктер және өзекті мәселелер бөлімінде «Қазіргі таңда 38 жоғары оқу орнында "Білім беру", "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар, бизнес және экономика" салаларында гендерлік теңдік мәселелері қаралатын 60 элективтік курс әзірленіп, енгізілді».

2019 жыл Қазақстан Республикасындағы гендерлік сауаттандыруды ілгерілендіруге бағытталған білім беру бағдарламаларының жүргізілуіне 20 жыл толып отыр. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жанындағы «Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер» институты ЖОО мекемелеріндегі гендерлік сауаттылықты арттыру бойынша жүргізілетін курстардың директорысын даярлауды жоспарлап отыр.

Осыған орай Сіз басқарып отырған оқу орнында гендерлік сауаттылықты арттыру бағытында жүргізілетін курс туралы ақпарат алуға қолдау көрсетуіңізді сұраймыз.

Курс туралы ақпаратты ұсыну барысында силлабус, оқу құралы, әдістемелік нұсқаулық, электронды оқулық, монография және т.б. мәліметтерді (word, pdf форматында) **2019 жылдың 10 ақпанына дейін** [gender\\_studies@kazmqpu.kz](mailto:gender_studies@kazmqpu.kz) эл.поштасына жіберулеріңізді сұраймыз.

2018-2019 оқу жылында гендерлік тақырып бойынша курс болмаған жағдайда хатқа жауап жіберулеріңізді сұраймыз.

Ректор

Г.Алдамбергенова

Орынд.: М.Дабылтаева  
237-00-60 e-mail: 87474144707@yandex.kz

0003029

Гендерлік білім беру үдерісінің барысын, қазіргі жағдайы мен деңгейін анықтау үшін жүргізілген зерттеу барысында барлық жоғары оқу орындарына жіберілген сұрау хаттың нәтижесінде оқу орындары басшыларынан, бөлім басшыларынан, жауап хат алынды. Гендерлік білім беруге арналған элективті курсы бар оқу орындары 2018-2019 оқу жылына арналған оқу бағдарламаларын, силлабус және әдістемелік оқу құралдарын қоса жіберді.

**1-кесте. 2018-2019 оқу жылында гендерлік білім беру курсы бойынша мәлімет берген оқу орны және курс туралы мәліметтер**

Университет атауы	Қала атауы	Курс туралы қысқаша сипаттама
<p>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті</p>	<p>Алматы</p>	<p><b>Курс атауы:</b> Гендерлік әлеуметтану  <b>Кредит саны:</b> 3 (5 ECTS)  <b>Курс авторы:</b> Жаназарова З.Ж.                      Бұл курста гендерлік зерттеулер тарихы, жеке тұлғаның жыныстық мәртебесі, гендерлік теориядағы антология, феминистік теорияның негіздері, гендерлік және дене тәрбиесі, отбасы түрлері, репродуктивті құқы мәселелері қарастырылған.</p>
	<p>Алматы</p>	<p><b>Курс атауы:</b> Гендерлік психология  <b>Кредит саны:</b> 3 (5 ECTS)  <b>Курс авторы:</b> Садықова Н.М.                      Бұл курста гендерлік психологиядағы жыныстар стратификациясы, іскерлік әлемдегі ерлер мен әйелдер, тұлғаның гендерлік сипаттамасы, С.Бэмның гендерлік сызба теориясы, феминизм тарихы мен теориясы, отбасылық қарым-қатынас, отбасы түрлері, жыныс психологиясы, гендерлік әлеуметтену, гендерлік лидерлік, басшы әйелдер рөлі, гендерлік сәйкестік, гендерлің әлеуметтік психологиясы мәселелері қарастырылған.</p>
	<p>Алматы</p>	<p><b>Курс атауы:</b> Гендерология және феминология  <b>Кредит саны:</b> 3 (5 ECTS)  <b>Курс авторы:</b> Кылышбаева Б.Н.                      Бұл курста гендерология және феминология ғылымдарының ұғымы, пәні, объектісі, маркстік тәсілдер, либералды феминизм, постмодерндік</p>

		феминизм, радикалды феминизм, киберфеминизм, гендерология және феминологияның қазіргі заманғы теориялары, Қазақстандағы гендерлік зерттеулер, кедейшілік феминизмі, әйел және бизнес, еркектер мен әйелдер туралы әлеуметтік аңыздар, әлеуметтік жұмыстың гендерлік аспектілері, гендерлік теңдікті, тәртіпті реттеудегі ұлттық идея және механизм, әлеуметтік өзгерістер кезіндегі қазіргі қазақстандық қоғам мәселелері қамтылған
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті	Астана	<b>Курс атауы:</b> Гендер және бірегейлік 2019-2020 оқу жылына жоспарланып отыр
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті	Алматы	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік саясат <b>Кредит саны:</b> 3 (5 ECTS) <b>Курс және семестр:</b> 2 курс, 3 семестр <b>Курс авторы:</b> Аташ Б.М Бұл курста гендерология ілімі, құқықтық қатынастардағы гендер мәселесі және гендерлік білім беру, саясаттағы гендер мәселесі, әйелдердің саяси өмірдегі белсенділігі, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық, әлеуметтік саясаттың гендерлік мәселері, Қазақстанда әйелдердің жағдайын жақсарту әрекетінің Ұлттық жоспары, отбасының гендерлік мәселері, әйелдермен әлеуметтік, қазақ қоғамындағы гендерлік мәселелер.
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	Петропавл	<b>Курс атауы:</b> Білім берудегі гендерлік тәсіл <b>Кредит саны:</b> 2 (3 ECTS) <b>Курс және семестр:</b> 2 курс, 3 семестр <b>Курс авторы:</b> «Педагогика және психология» кафедрасы Бұл курста гендерлік теорияның негізгі тұжырымдамалары, ҚР гендерлік теңдік стратегиясы, білім берудегі гендерлік тәсілдің тарихы, білім алушылардың негізгі гендерлік мәдениетінің қалыптасуы, заманауи жағдайда гендерлік білім берудің ерекшелігі, отбасы мен мектепте гендерлік тәрбиенің іске асырылуы, гендерлік

		тәсілді жүзеге асырудың қажеттілігі, ұлдар мен қыздардың дамуындағы психикалық ерекшеліктер, гендерлік дау-дамайлар, қазіргі кездегі гендерлік стереотиптер, педагогтің гендерлік компоненттілігі тақырыптары қарастырылған.
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті	Қостанай	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік психология <b>Кредит саны:</b> 3 (5 ECTS) <b>Курс авторы:</b> Ахметбекова З.Д. Бұл курста гендерлік психологияның ғылым ретінде қалыптасуы, тұлға дамуындағы гендерлік стереотиптер, жетекшілік пен басшылықтың гендерлік спецификасы, тәртіп түрлерінің гендерлік спецификасы, аддективті тәртіптің гендерлік өзгешелігі, ерлі-зайыптылардың гендерлік өзгешеліктері, отбасындағы ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы тақырыптары қарастырылған.
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті	Көкшетау	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік саясат <b>Кредит саны:</b> 3 (5 ECTS) <b>Курс және семестр:</b> 3-курс, 6-семестр <b>Курс авторы:</b> Гленшина Г.М. Бұл курста гендерлік зерттеулер ұғымы, гендерлік стереотиптер, әлемдік философиялық және саяси ойлардағы жыныс мәселесі, әйелдер қозғалысының тарихы, кеңес өкіметі кезіндегі гендерлік идеология, гендерлік теңдік мәселесіндегі халықаралық тәжірибе, гендерлік зерттеулердің антропобиологиялық мәселелері, экономика саласындағы әйелдер мен ерлер, саясаттың гендерлік аспектілері, әлеуметтік сектордағы гендер, гендерлік зорлық-зомбылық мәселелері, гендер: отбасы және мәдениет тақырыптары қарастырылған.
	Көкшетау	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік психология <b>Кредит саны:</b> 2 (3 ECTS) <b>Курс және семестр:</b> 2-курс <b>Курс авторы:</b> Мұқытова Ж.Қ. Бұл курста гендерлік психологияның дамуы, шетелдегі гендерлік психологияның дамуы, маскулиндік



		және феминдік туралы түсінік, жыныстық диморфизм, гендерлік ұқсастық, гендерлік стереотип, этностық стереотип, ұлттық стереотип, этникалық стереотип, некелесудегі гендерлік мәселелер, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі, әйелдің лидерлік қасиеттерінің көрінісі, лидерліктің кросс-мәдени зерттелуі, ерлер мен әйелдердің еңбек ақы алуағы айырмашылықтары, гендерлік қатынас түрлері, әйел мен ерлер арасындағы конфликт, девианттық қатынастар, гендерлік толеранттылыққа тәрбиелеу жолдары, гендерлік демография, жыныстың қоғамдағы пропорциясы, гендерлік әлеуметтенуге әсер ететін факторлар төңірегінде тақырыптар қамтылған.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті	Орал	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік әлеуметтану <b>Кредит саны:</b> 2 сынақ бірлігі, 72 сағат <b>Курс және семестр:</b> 3-курс, 6-семестр <b>Курс авторы:</b> Кенжегулова А.А. Бұл курс гендерлік әлеуметтану пәні, гендер және жыныс: әлеуметтанулық және философиялық ғылыми теориялар, қазіргі заманғы қоғамдағы гендерлік әлеуметтендіру, отбасы және неке гендер контекстінде, мемлекеттік саясаттағы гендерлік тәсілдер мәселесі қамтылған.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	Шымкент	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік психология <b>Кредит саны:</b> 4 (6 ECTS) <b>Курс және семестр:</b> 2-курс, 4-семестр <b>Курс авторы:</b> Issabayeva A.S. In this course are considered Plato and Aristotle' ideas about gender differences, Jean Jacques Rousseau and his analysis of different behavior norms for men and women gender stereotypes, I.Kant and his division of men and women, the emergence of feminism in France during the Great revolution, women scientists views on the psychology of gender differences, gender stratification in different cultures, methods of research of gender psychology, theories and concepts of gender psychology,

		theories of gender socialization, theories of women psychology, theories of man psychology, differences between men and women in mental phenomena
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті	Қызылорда	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік зерттеулер теориясы мен әдістемесі <i>Курс бойынша толық ақпарат келмеді. Тек хатқа жауап алынды. Элективті курс атауы ғана берілген.</i>
	Қызылорда	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік психология <i>Курс бойынша толық ақпарат келмеді. Тек хатқа жауап алынды. Элективті курс атауы ғана берілген.</i>
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті	Өскемен	<b>Курс атауы:</b> Спорттағы гендерлік психология, Жыныстық тәрбие берудегі практикалық психология және спорттағы гендерлік психология Курс бойынша толық ақпарат келмеді. Тек хатқа жауап алынды. Элективті курс атауы ғана берілген.
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік университеті	Арқалық	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік білім беру: құқықтық және гендерлік сауаттылық <i>Курс бойынша толық ақпарат келмеді. Тек хатқа жауап алынды. Элективті курс атауы ғана берілген.</i>
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті	Тараз	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік саясаттың негіздері Курс бойынша толық ақпарат келмеді. Тек хатқа жауап алынды. Элективті курс атауы ғана берілген.
М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті	Ақтөбе	<b>Курс атауы:</b> Гендерология <i>Курс бойынша толық ақпарат келмеді. Тек хатқа жауап алынды. Элективті курс атауы ғана берілген.</i>
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Атырау	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік саясат <i>Курс бойынша толық ақпарат келмеді. Тек хатқа жауап алынды. Элективті курс атауы ғана берілген.</i>
М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы	Алматы	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік теорияға кіріспе <b>Кредит саны:</b> 2 модуль (90 сағат) <b>Курс авторы:</b> Жарқынбаева Р.С. Бұл курста гендерлік фактордың саяси процестермен байланысы, мемлекет саясатындағы гендерлік өлшемдер, гендерлік қылмыстар, гендерлік

		дискриминация, саяси қатысу мен өкілдікті дамыту, демократиялық саясаттағы және күнделікті өмірдегі, жұмыс орындарындағы гендерлік теңдік.
«НАРХОЗ университеті» акционерлік қоғамы	Алматы	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік экономика <b>Кредит саны:</b> 2 <b>Курс және семестр:</b> 2-курс, 3-семестр <b>Курс авторы:</b> А.А Киреева Бұл курста гендерлік зерттеулердің пәнаралық ерекшеліктері, күнделікті өмірдегі гендерлік өндіріс, отбасы, Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат, гендерлік экономика ұғымы, гендерлік теңсіздікке экономикалық талдау, еңбек нарығындағы әйелдердің теңдігі, гендерлік бюджет, үй шаруашылығы экономикасы және еңбек бөлінісі мәселелері қарастырылады.
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	Көкшетау	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік психология <b>Кредит саны:</b> 2 <b>Курс авторы:</b> Мұқытова Ж.Қ. Бұл курста гендерлік психологияның дамуы, шетелдегі гендерлік психологияның дамуы, маскулиндік және феминдік туралы түсінік, жыныстық диморфизм, гендерлік ұқсастық, гендерлік стереотип, этностық стереотип, ұлттық стереотип, этникалық стереотип, некелесудегі гендерлік мәселелер, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі, әйелдің лидерлік қасиеттерінің көрінісі, лидерліктің кросс-мәдени зерттелуі, ерлер мен әйелдердің еңбек ақы алуағы айырмашылықтары, гендерлік қатынас түрлері, әйел мен ерлер арасындағы конфликт, девианттық қатынастар, гендерлік толеранттылыққа тәрбиелеу жолдары, гендерлік демография, жыныстың қоғамдағы пропорциясы, гендерлік әлеуметтенуге әсер ететін факторлар төңірегінде тақырыптар қамтылған
	Көкшетау	<b>Курс атауы:</b> Гендерлік саясат (Әлеуметтік жұмыс мамандықтары

		<p>үшін)  <b>Кредит саны:</b>3  <b>Курс авторы:</b> Тленшина Г.М  Бұл курста гендерлік зерттеулер ұғымы, гендерлік стереотиптер, әлемдік философиялық және саяси ойлардағы жыныс мәселесі, әйелдер қозғалысының тарихы, кеңес өкіметі кезіндегі гендерлік идеология, гендерлік теңдік мәселесіндегі халықаралық тәжірибе, гендерлік зерттеулердің антропобиологиялық мәселелері, экономика саласындағы әйелдер мен ерлер, саясаттың гендерлік аспектілері, әлеуметтік сектордағы гендер, гендерлік зорлық-зомбылық мәселелері, гендер: отбасы және мәдениет тақырыптары қарастырылған.</p>
Каспий қоғамдық университеті	Алматы	<p><b>Курс атауы:</b> Адам құқығы және оны қорғау механизімі  <b>Кредит саны:</b> 2  <b>Курс авторы:</b> Мухтарова А.К.  Бұл курста Адам және азамат құқығы, құқықтық мемлекеттің қалыптасуы, адам құқығының қалыптасу тарихының хронологиялық тәсілі, адам және азаматтың негізгі құқықтарының класификациясы, адам құқығы туралы халықарлық Билль, саяси құқық, азаматтық құқық, дискриминация түрлері, адам құқықтарына нұқсан келтіру, гендер құрылымы, ұғымы, заңдарға гендерлік сараптама жасау, адам құқықтарының гендерлік өлшемдері, әйелдердің құқықтары, зорлық-зомбылық түрлері, ҚР әйелдерді қорғаудағы ұлттық механизм мәселелері қарастырылған.</p>
Алматы менеджмент университеті	Алматы	<p><b>Курс атауы:</b> Гендерлік менеджмент  <b>Кредит саны:</b> 3  <b>Курс және семестр:</b> 2  <b>Курс авторы:</b> Липовка А.В  Бұл курста гендерлік менеджмент пәніне кіріспе, менеджмент теориясы мен тәжірибесіне әйелдердің үлесі, полигендерлік әлемдегі көшбасшылықтың жаңа теориялары,</p>

		гендерлік әлеуметтену және гендерлік бірегейлік, көшбасшылық және гендерлік стереотиптер, қазақстандық гендерлік әлеует, әйелдер немесе ерлер кәсіпкерлігі, адам ресурстарын басқарудағы гендерлік аспект, стресті басқару, уақыты басқару, жеке өмір мәселесіндегі тақырыптар қарастырылған.
КИМЭП	Алматы	<b>Курс атауы:</b> Gender and Public Policy <b>Кредит саны:</b> 3 <b>Курс авторы:</b> Aliya Tankibayeva, PhD, MPA In this course are considered Gender Basic concepts, Sociology of gender in historical and comparative perspective, Contemporary theories and theoretical contributions, Gender and Development. Gender in Economic Context, Engendering Social Policies, Gender and the Labour Markets, Globalization, informatization and gender, Tools for gender mainstreaming in public sector programs and projects, Tools for gender mainstreaming in public sector programs and projects, Gender and Finance, Gender Budgeting, Work-Life interplay. Gender in organizations.
Еуразия гуманитарлық институты	Астана	<b>Курс атауы:</b> Педагогикадағы гендерлік зерттеулер 2019-2020 жж. оқу жылына элективті курс енгізу қарастырылған және «Педагогикалық ғылымдар», «Бизнес, басқару және құқық» курстарына гендер тақырыптарын енгізу жоспарланып отыр.

Элективті курс туралы мәліметтер жинақтау барысында гендерлік мәселемен айналысатын профессор-оқытушы құрамының басым бөлігі әйел оқытушылар екені анықталды. Оның ішінде 21 оқу орнында 13 оқытушы – әйел азаматы, 2 оқытушы – ер азамат, қалған оқу орындарының берген ақпаратта автор туралы мәлімет берілмеген.

2018-2019 оқу жылында гендерлік білім беру мәселелері қоғамдық-гуманитарлық білім беру кафедрасына қарасты «Философия», «Әлеуметтану», «Саясаттану», «Мәдениеттану»,

«Экономика негіздері,» «Отбасы психологиясы» курстарының бағдарламасы аясында қарастырылатын оқу орындары анықталды.

**2-кесте 2018-2019 оқу жылында гендерлік білім беру мәселелері басқа пәндерге кіріктірілген оқу орындары туралы мәлімет**

<b>Университет атауы</b>	<b>Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер атауы</b>
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті	«Қазақ аруы» курсы аясында гендерлік рөлдер, гендерлік әлеуметтендіру, эногендерлік аспектілер қарастырылады.
«Ұлттық медицина университеті» акционерлік қоғамы	«Әлеуметтану», «Саясаттану», «Мәдениеттану» курстарында қарастырылады.
Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы	«Әлеуметтану» курсына қарастырылады.
Академик Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті	«Саясаттану», «Философия», «Әлеуметтану» курстарында қарастырылады.
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті	Әлеуметтану, «экономика» пәндерінде қарастырылады
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті	«Әлеуметтану», «Отбасы психологиясы» курсына қарастырылады.
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті	«Әлеуметтану», «Отбасы психологиясы», «Отбасы құқығы» курстарында қарастырылады
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан Аграрлық-техникалық университет	Философия, Рухани жаңғыру, Әлеуметтану курстарында: гендерлік түсінік, гендерлік әлеуметтену, гендерлік ролдер және т.б. қарастырылған.
Қазтұтыну одағы «Қарағанды экономикалық университеті»	Әлеуметтік жұмыс мамандықтарына арналған «Әйелдермен әлеуметтік жұмыс» элективті курсына қарастырылады.
Еуразия гуманитарлық институты	Педагогика бағыттарындағы курстарда қарастырылған.

Зерттеу жүргізу барысында сауал хатқа бірнеше жоғары оқу орнынан жауап хат алынды. Аталған оқу орындарында алдыңғы оқу жылдарында жүргізілген, 2018-2019 оқу жылында гендерлік білім беру курстарының қарастырылмағандығын хабарлаған. Бұл оқу орындары туралы мәлімет келесі кестеде берілген.

**3-кесте. 2018-2019 оқу жылында гендерлік білім беру курсы оқылмайтын оқу орындар тізімі**

<b>№</b>	<b>Университет атауы</b>	<b>Қалалар</b>
1.	Қазақ ұлттық аграрлық университеті	Алматы
2.	Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы	Алматы
3.	Қ.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	Алматы
4.	Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті	Алматы
5.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті	Қостанай
6.	І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	Талдықорған
7.	Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті	Ақтау
8.	Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті	Семей
9.	Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері факультеті	Алматы
10.	Нур-Мубарак Ислам мәдениеті Египет университет	Алматы
11.	Сулеймен Демирель университеті	Алматы
12.	Алматы энергетика және байланыс университеті	Алматы
13.	Алматы технологиялық университеті	Алматы
14.	Атырау мұнай және газ университеті	Атырау
15.	Еуразия технологиялық университеті	Алматы
16.	М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университет	Қостанай
17.	Туран-Астана университеті	Астана
18.	Қазақстан-Ресей медицина университеті	Алматы
19.	Қазақ қатынас жолдары университеті	Алматы
20.	Маңғыстау гуманитарлық-техникалық университет	Ақтау

21.	Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	Қостанай
-----	---	----------

Республика көлемінде жүргізілген бұл зерттеу гендерлік білім беру мәселелерінің қазіргі жағдайын сипаттап, директория әзірлеу барысында жүйелі ақпарат алуға мүмкіндік берді. Болашақта осы әзірленген директория бастамасын әр оқу жылында дайындауды қолға алып, дәстүрлі жинақ жасауды қолға алу қажеттілігін тудырып отыр.

Сонымен қатар, бұл зерттеу барысында ақпарат алу деңгейінде көптеген кедергілер болды. Ол кедергілерге жеке тоқталсақ:

- Жоғары оқу орындарына хат жіберу барысында, ақпаратты ұсыну тәртібі, мерзімі, байланыс түрі нақты көрсетілсе де барлық оқу орындарына жеке хабарласып, өтініш жасау арқылы ақпарат алынды.

- Қазіргі қоғамдық қатынастардағы әлеуметтік өзгерістердің жаңа сипат алуына байланысты гендерлік теңдік мәселелерінің бүгінде өзектілігі артып отыр. Осы мақсатта үздіксіз білім беру жүйесіндегі болашақ ұрпақты гендерлік сауаттандыру маңыздылығын ескеретін болсақ, республика көлеміндегі жоғары білікті, кәсіби мамандарды даярлайтын жетекші оқу орындарының өзінде гендерлік білім беру мәселесінің өз деңгейінде болмауы және ол оқу орындарының еш жауапсыз қалып, жіберілген сұрау хатқа жауап бермеуінің өзі үлкен кедергілер келтірді.

- Сондай-ақ республика көлеміндегі ер азаматтар білім алатын азаматтық емес жоғары оқу орындарындағы гендерлік білім беру мәселесінің деңгейін анықтау мақсатында хат жолданып байланыс жасауға тырыстық, бірақ бұл әрекеттер еш нәтижесіз аяқталды.

- Ақпаратты өңдеу барысында директория даярлау талаптарына қажетті мәліметтерді алу қиындық тудырды. Олар элективті курс авторлары туралы мәліметтер, кредит саны, жүргізілетін семестрі және кейбір оқу орындары тек курс атауын ғана көрсетіп, оқу бағдарламасының бекітілген нұсқасын жіберуден бас тартты.

- Тағы бір үлкен кедергі ол жоғары оқу орындарымен байланыс жасау барысында болды. Себебі, көп оқу орындарының электронды пошталары дұрыс болмай шықты. Университет сайттарындағы көрсетілген байланыс телефондарымен байланысу мүмкін болмады, университеттердің құжат айналым бөліміне хабарласып, хатқа жауапты тұлғалармен байланыс жасау барысында, жауапты тұлғамен байланысу қиындықтары үлкен кедергі тудырды.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл директория қазіргі ЖОО арасындағы гендерлік білім берудің статистикалық деңгейін, тақырыптық-мазмұндық құрылымның сапасын, курс құрастырушыларының ғылыми әлеуетін және білім алушылардың курс ерекшелігіне байланысты қамтылуын анықтауға толық мәлімет береді.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдан бастап гендерлік теңдік және гендерлік білім беру мәселесі қолға алынып, мемлекеттік саясат деңгейінде қолдап келеді.

Қазақстан Республикасындағы гендерлік білімнің маңыздылығын біз мына үш мәнмәтінде көре аламыз:

- ✓ Халықаралық келісімдер жетістігінің контекстінде.
- ✓ Гендерлік білімді дамытудың нормативтік негізін қалыптастыру контекстінде.
- ✓ Осы мәселемен айналысатын әлеуметтік институттардың қалыптасу мен даму контекстінде [2].

Бұл директорияны әзірлеу барысында республика көлемінде жоғары оқу орындарынан ақпарат алынып, талау жасалынды.

### **Нәтижесінде:**

1. Гендерлік білім беру курсы республика көлеміндегі 21 жоғары оқу орнында жүргізіледі, бұл дегеніміз барлық жоғары оқу орындарының 18% ғана құрап отыр;
2. 9 ЖОО-да гендерлік білім мәселелері гуманитарлық пәндердің ішінде қарастырылады;
3. 21 оқу орнында 2018-2019 оқу жылында гендерлік білім беру бағыты бойынша элективті курс бағдарламалары енгізілмеген;
4. Көптеген оқу бағдарламаларында бағдарлама авторы, кредит саны, курсы көрсетілмеген, нәтижесінде толық жан-жақты талдау жасауға кедергілер болды;
5. Мәлімет алынған барлық курстардың негізгі бағыты «Гендерлік психология» курсына арналған.

Жинақталған ақпараттарға талдау жасау барысында жоғары оқу орындары арасындағы гендерлік білім берудің болашақта жүйелі дамуын жетілдіру үшін мынадай ұсыныстар туындап отыр.

- ❖ Жоғары оқу орындарында мазмұнын жаңарта отырып, саны жағынан да, сапасы да гендерлік білімді дамытуды қамтамасыз ету қажет. Гендерлік проблемалар бойынша оқытылатын курстар мазмұны ғылыми негізделген ақпараттармен жаңартылуы тиіс;
- ❖ Бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларында гендерлік мәселелер бойынша ғылыми зерттеулердің өсуін қамтамасыз ету қажет;

- ❖ Гендерлі бойынша бірінші кезекте қазақ тілінде, сондай-ақ орыс, ағылшын және басқа да тілдерде (мамандар болған жағдайда) оқу, оқу-әдістемелік монографиялар шығару – маңызды мәселелердің бірі;
- ❖ Өткен 20 жыл ішінде еліміздің жоғары оқу орындарында гендерлік курстарды оқыту ресми түрде енгізілген сәттен бастап халықаралық, республикалық, жоғары оқу орны ұйымдастыруымен ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдардағы жеке секциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер, жазғы мектептер, зерттеу презентациялары, біліктілікті арттыру курстары және т. б. көптеген іс-шаралар өткізілді;  
Дегенмен, жаңа технологиялар мен қоғамдық үрдістердің жаңашылдығын ескере отырып, гендерлік мәселелерді зерттеуде, зерттеу жұмыстарының қорытындыларын жариялауда жаңаша креативті форматтар қолдану қажет. Ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, білім алушылары және ҮЕҰ арасында ашық бейресми талқылаудың жаңа креативті нысандарын іздеген жөн. Ашық пікір алмасу алаңдары мен талқылаулар барысында TEDx сияқты талқылаудың жаңа форматтарын және уақытпен тексерілген формаларды (воркшоптар, пікірталастар, жаңа басылымдарды таныстыру және талқылау, авторлар мен қоғам қайраткерлерімен кездесулер, көпшілік оқулар, авторлық дәрістер, әлеуметтік жобалар) үздіксіз білім берудің барлық деңгейлерінде гендерлік білім беруді дамытуда пайдалану қажет;
- ❖ Интернетте гендерлік мәселелер бойынша ақпараттық ресурстар мен әлеуметтік желілердегі пікірталас алаңдарын құру мәселесі маңыздылығын көрсетіп отыр;
- ❖ Гендерлік мәселелермен айналысатын профессор-оқытушы құрамы, зерттеушілер мен білім алушылар өз зерттеулерінің нәтижелерімен, тәжірибесімен үнемі алмасып отыруы тиіс. ЖОО-ның, колледждердің және мектептердің зерттеушілері мен оқытушыларының институцияланған, сондай-ақ бейресми желілік байланыстар арқылы республика көлемінде гендерлік білім беруді кеңінен дамытуға ықпал етуі тиіс;
- ❖ Қазақстандағы гендерлік білім беру және ғылыми-әлеуметтік зерттеулер бойынша бірыңғай ұлттық портал құруды ұсынамыз [www.gender.kz](http://www.gender.kz)
- ❖ Еліміздің ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттары, орталықтары алыс және жақын шетелдердің гендерлік тақырыпта зерттеу жүргізетін ғалымдармен бірге халықаралық ғылыми байланыстарды белсенді дамытуы керек. Модульдік курстар,

арнайы қонақ дәрістер, семинарлар мен воркшоптарды өткізу үшін ғалымдарды шақыру, алдын ала жоспарлануы және бюджет немесе жоғары оқу орындарының қаражаты есебінен қаржыландыруы тиіс;

- ❖ Академиялық ұтқырлық пен ғылыми тағылымдамалар аясында бакалавриат, магистратура, докторантура білім алушыларын жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарына, университеттерге, кітапханаларға және т. б. жіберу қажет.
- ❖ Халықаралық рейтингтік басылымдардың өлшемдеріне сәйкес келетін гендерлік мәселелер бойынша мамандандырылған ғылыми журналды дайындауда жүйелі жұмыс жүргізу мақсатында ҚазМемҚызПУ мақалаларды жариялау үшін негізгі басылым ретінде ҚР БжҒМ БҒСБК ұсынған басылымдардың тізіміне кіретін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «ХАБАРШЫ» журналын ұсынамыз.

**ШАКИРОВА СВЕТЛАНА МАХМУТОВНА**, ф.ғ.к,  
ҚазМемҚызПУ Ғылым және инновациялар жөніндегі департамент  
директоры  
Алматы қ., Айтеке би к. 99, каб. 104,  
Жұмыс телефоны: 8 (727) 237 00 18  
моб. 8 777 372 72 18  
email: s.shakirova@kazmkpu.kz  
[www.kazmkpu.kz](http://www.kazmkpu.kz)

**ТОЛЕУТАЙ ҰЛПАН**, PhD доктор  
Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеу институтының директоры  
**Адрес:** Қазақстан Республикасы, 050000  
